


1 2007
18к

МАРЗУМ ТИЕСОВ

Дала
Дерзені



Тиесов Мағзұм

ДАЛА ПЕРЗЕНТІ

Повесть, әңгімелер, ертегілер

Сөздік-Словарь

Алматы

2005

ББК 84 қаз 7

Т 39

Бұл туынды Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің бағдарламасы бойынша басылып шықты.

Тиесов М.

Т 39 Дала перзенті. Повесть, әңгімелер, ертегілер. Алматы: “Сөздік-Словарь”, 2005. — 392 бет.

ISBN 9965-409-91-9

Белгілі қаламгер, публицист Мағзұм Тиесов қазақ әдебиетінің дамуына сүбелі үлес қосқан жазушы. Оның қаламынан туған шығармалар жоғары бағаланып, қазірде өз құнын жоғалтпай, кішкене бүлдіршіндеріміздің игілігіне айналып отыр.

Жазушының бұл кітабына өз ғұмырында қаламын тербеткен таңдаулы шығармалары еніп отыр. Тілі тартымды, ойы ашық. Кітап барша оқырман қауымға арналған.

Т 4702250200
00(05)-05

ББК 84 қаз 7

ISBN 9965-409-91-9

© Тиесов М., 2005
© “Сөздік-Словарь”, 2005

Жұмақ өмірдің әр кеуделі жыршысы

Кісі естелікпен өмір сүреді. Зиялыларымыздың өткенімізді, тарихымызды зерделейік, жүріп өткен жолымызда қандай қателік жібердік, нені ескердік, нені ескермедік, өте шықтық, өлшеп-пішіп жүрейік деуінде үлкен мән жатыр. Қырық қыраттың арғы жағында қалған бозбала шағымды есіме алсам, 60-шы жылдар басындағы Жазушылар үйін, қазіргі Абылайхан даңғылы, 105-ші үйдің бірінші қабатына орын тепкен “Жазушы” баспасының табалдырығын алғаш аттаған кезімде самайын қырау шалған, өзіме жылы шыраймен қараған екі кісі көзіме ыстық елестей кетеді. Бірі — сол кездегі “Қазақфильм” киностудиясында сценарий бөлімінде редактор болып істейтін Ілияс Есенберлин, екіншісі — “Социалистік Қазақстан” газетінің тілшісі Мағзұм Тиесов. Екеуі де қазақ әдебиетінен өз орнын айқындап жүрген, бірнеше жақсы кітаптың авторы болып, елге танылған жазушы ағалар. Мағзұм ағаның “Дала перзенті” атты ұзақ өмірбаяндық хикаятын үстінен қарап шыққам, редактор ретінде (“Жазушы” баспасында редактор болып істеймін ол жылдары).

“Бұрынғы редакторлар сөйлемдерімді бұтарлап, шимай-шатпақ қып қайтарушы еді, сен қол тигізбепсің ғой тегі”, — деп Тиесов аға таң қалады.

“Сіз табиғатыңыздан жазушы адамсыз, сөйлеміңізді қидалай бергеннен ештеңе өзгермейді”, — дедім.

“Енді баспаның редакторы болған соң үстінен қарап, түзетіп, өзгертіп, қырық құрау ғып шығаратын шатағына көндігіп алғанбыз ғой”, — деп Мағзұм аға суық жымыып күлді.

Оқтау жұтқандай сірескен бойында артық қырым еті жоқ, қарасұр кісі болатын. Күлген кезде маңайы шуақтанып кетеді екен. “Сіз Аркада туып-өскен адамсыз, Мырзашөл, Жетісай қазақтары қолданатын “көже-қатық”, “құрамай қапты”, “дәліз”, “сарамжол” деген сөздерді қалай орнымен қолданғансыз?” — деп сұрадым. “Ойбай, қарағым-ау, менің бұл Қазақстанда баспаған жолым, аспаған тауым жоқ қой, бәрін ара-

ладым, бәрін дәптеріме түртіп алып жүремін ғой”, — деп іштарға сөйледі. Сол іштартудың аяғы — ол аға, мен індей болып, тіркесіп-үштасып Мағзүмекеңнің үйінен бір-ақ шығамыз. Бәйбішесі бұл кісіден өткен аңқылдаған жан екен. Үлкен дастарқан жайып, ақ бауырсағын төгіп, ақ құйрық шайын демдеп, сары майын, құртын шығарады. Мағзүм-екен әр іссапарға шыққан сайын, жолына жеке дәптер арнайды екен. Құдай-ау, ұшырасқан кісінің аты-жөні, тегі, кәсібі — тәспінің тасындай тізіліп, әлгі дәптерді түгел толтырыпты. Мағзүмекең бір дәптерден соң келесі дәптерге жармасып: “Мынау Балаби туралы деректерім... “Бай құдайдың үйінде қонақта болыпты” деген әңгімені жазғанда айтып тауыса алмаған дерек пен дәйектер осы”, — деп көз алдымнан өткізіп жатыр. Мағзүмекең: “Мынау “Жиделібайсын жерінде” очеркінен жиналған деректер”, — деп, қалың-қалың үш папкіні көтеріп келе жатыр. “Балаға ас ішкізбедің, қағазыңды қопарып”, — деп жеңеміз қажайды ана жақтан. “Қоя тұр, бәйбіше, қарсақбайлық ақын Болман Қожабайұлы туралы дәптерімді ашайын... Мынау Байдалы шешен туралы жиғандарым...” Сол жолы Мағзүмекеңнің дастарқанынан аш қайттым ба, оншасы есімде жоқ, есімде қалғаны — Мағзүм Тиесов есімді қаламгердің қолжазбасының соншама көптігі, көп білетіндігі, көпті көргендігі.

Сөзімнің басында жазушының “бұл елде баспаған жолым, аспаған тауым қалмады” дегенін әдейі тілге тиек еттік. М.Тиесов қаламынан 50-60-жылдардың кенші, суретші, малшы, диқан, көмірші, болат балқытушы, ғұлама ғалым, айтыскер ақын, әртіс замандастардың үлкен образ, панорамасын оқып, танимыз. Әр сөзі мірдің оғындай, әр сөйлемі сұлу торы аттай, әрі-беріден шырайын келтіріп, кестелей жазғанда, әңгімесі очеркше, очеркі көркем әңгімеше қамшы салдырмай оқылатыны қызық. Әжесінің аузымен “Жиделібайсын деген жер бар. Қоңырат деген ел бар. Ол жақта қыс болмайды. Саулықтары жылына екі қозылайды. Бір аруананың шұбатын бір ауыл ішіп тауыса алмайды. Ағаштары жемісін көтере алмай, майысып тұрады. Елі меймандос. Дастарқанға ақ бауырсақ пен өрік-мейізді аралас төгеді. Жаратқан ие шебер ғой. Ең алдымен Жиделібайсынды жаратыпты. “Менің жерге орнатқан жұмағым осы”, — депті. “Жер жұмағы Жиделі алыс емес, аты жақсы дариядан әрі өтелік”, — деп аталарымыз

жеткенше ынтығып өтіпті” (Мағзұм Тиесов. Жиделібайсын жерінде. Әңгімелер. — Қазмембас, Алматы. 1959. 5 бет), — деп төгілдіргенде, оқырман көз алдына сөлі сорғалаған өрік, жұпар иісті қауын, кездік ұшы тигенде қарс айырылып, өртше қанқызылданып шыға келген қарбыз, қасықты тік күйі құлатпай ұстаған қатық, сауын тілеп үрпісінен сүті сорғалаған аруананы, семіздіктен жайлап ұша алмай қалған жабайы қаз, үйрек, қонақ келмеді-ау деп төрткөзденіп тағаты кетіп отыратын үй иесі — көз алдыңыздан кілкіте бір өткенде, сол Мағзұмекен суреттеген жұмақ елін қарадай көрсем-ау деп армандайсың.

Ай баяғыдай туалды. Күн баяғыдай жеріне сары майша еріп сінеді. Жер де баяғыша дөңгелей береді. Қарап тұрсаң, дүние өзгермейтін секілді. Өзгеретін, өңін беретін, қартайтын адам ғана. Сол жұмыр басты пенденің осынау ескі гректерше айтқанда — метаморфозасын зерттеу, мінез-құлқын ақ қағазға түсіру жазушыға ғана бұйырған. Қаламгер — тағдыр көшір-мешісі. Жазушы болмаған жерде бар ғаламат тұлғалардың ісі, күлкісі, күрсінісі ұшты-күйлі өтер еді. Мағзұм Тиесовтың қаламынан туған “Ақпанда”, “Сөз сүйектен өтеді”, “Сөйлесем десең аттан түс”, “Көктем лебі” — өз заманының сөзбен салынған суреті, жанды бояуы.

Мағзұм Тиесов прозасының біз білетін екі ерекшелігі бар. Бірі — нені жазса да зерттеп, қазып, арғы-бергі тегін қопара, астарын ашып, қалам тербейтіні. Атүстіліктен ада. Қазып жазамын деп, баз бірде ағамыз қазымырланып отырып алады. Көз — көңілдің лупасына көп нәрсе сыйғызуға құлшынады. Жазушының екінші ерекшелігі — елдегі оң өзгерістерді елден бұрын сезетіні, көре білетіні, түйе жүретіні. Сол түйгенінің өзі энциклопедия секілді, сезгір сәуегейі, көңіл көріпкелі ме деп қаласың. Осы күні Президент құзырында стратегиялық зерттеулер агенттігі бар. Елдегі оң өзгерістерді тереді, зерттейді, өзге өркениетті елдердің даму процесімен салыстырады, таразылайды. Сөйтіп, қажет болғанда, лауазымды кісілерге я “осы жолымыз дұрыс”, я “мына жүрісіміз қате” деп батыл болжам айтып отырады. Өз ойым айтады: осы болжамдар агенттігіне жазушы ағайынды маман ретінде пайдаланған жөн деп. Өйткені, жазушы — мінез тамыршысы. Әрбір әрекет мінезден туып жатады. Әрекет оқиға жасайды. Ірілі-уақты оқиғалар бас құрай келіп, қоғамның терең ағысты рефор-

маларын туғызады. Бальзак шығармаларының өміршеңдігі — мінез құбылысын қопара көрсетемін деп отырып, қоғамның қайда бара жатқанын болжаған ұлы сәуегейіне айналды. Авангард ойдың атасы Джеймс Джойс та адам ойына не келсе, соны қағазға түсіріп берелікші деп отырып, өнердегі ой ағынын туғызды.

Осыдан барып қаламына заманының уәлі сөзін тиек ете білген, зерделеген Мағзұм Тиесов прозасы уақыт сынынан мүдірмей өтіп келеді.

Өткен ғасырдың 50-60 жылдар адамдарын етене жақын білгіміз келсе, түсіне түсейік десек, сол Тиесов, сол Бақбергенов, сол Сокпақбаев, сол Жұмақанов, сол Сланов әңгіме-повестеріне қайта айналып оқымай отыра алмаймыз. Заманның, адамның тамыршысын, сәуегейін іздесе — тағы сол ағаларымыздың кітабын ашамыз.

“Жерошақ қасында жеңгейдің ақ самаурыны жарқырай қалып еді. Қайтып келсек, божылдап тұр екен. Дәу екі ит үйдің көлеңкесінен енді ғана басын көтерді. Таудай құла бие өз құлынына көлеңке болып тұр. Бір құшақ құйрығын аңдасанда сипаң еткізіп, шыбын қағады. Жаңа жұрт, тізеден шалғын. “Бәлі, келіп қалдыңдар ма!” — деп Еділ аға есіктен басын шығарды...” (сонда, 63 бет) Шағын ауылдың мамыражай мақпалдай жұмсақ тұнық суретін салған Мағзұм екен. Осы қазір тізелесіп отырып өзімізбен кеңес құратындай. “Менде басылмаған, оқырманға жетіп үлгермеген мол-мол мұра қалды ғой, неге кітап қып шығармайсыңдар?” — дейтіндей. “Қазақ бар кезде оның асыл байлығы — тілі өлмейді, тілінің нәрі, мәні, мәйегі мына жазбаларымызда емес пе!” — дейтіндей. Аздап өкпелейтіндей. Қабағында жұқа мұң бар ма деп қалам.

Адам туған жеріне тарта туады деген рас сөз.

Мағзұм ағамыз көне дәуірде қазақтың кең сахарасындай толқып жатқан көгілдір Тетис мұхиты жатқан, заман өте, ғасыр жөнкіле, сол мұхиттың қаракөк түбі тартыла-тартыла Теңіз көліне айналған Қорғалжын қорық айдынының жағасында туған. Мидай жазық дала, сағаттап жүрсең, көзді тұсайтын я төбешік, я зәулім дарақ ұшыраспайтын ұлы дала табаныңызға ұлпадай есілген боз жусаны мен сарғыш селеуін төсеп жер түбіне тарта түседі, қиялынды шарықтатып жібереді. “Ой-хо-ой!.. Қайран қазекемнің қиырына көз жеткісіз алып

даласы-ай, кеңдігіңе болайын-ау!” — деп риза болған пейілмен кеудені кере тыныстап, кең адымдап жүре бергің... жүре бергің келеді. Күн екеш күн де бір қиырынан келесі жиегіне жетемін дегенше біраз қызуынан айырылатын секілді, ай екеш ай да күміс табақтай тас төбеңе шығып алып, сүт сәулесін себелеп түні бойы тапжылмай тұрып қалатындай. Лықылдай соққан көгілдір самал шаршап-шалдығып бұта басына, жусан түбіртегіне сүрініп жығылатындай.

Мігірсіз кеңдік, мына лықылдай соққан саумал самал, алақанмен сипағандай толқып жатқан бидайық пен бетеге — Мағзұм ағаның бала кезінен көзіне жұққан бояу болатын. Жас күнінен әжесінің, анасының күбірлеп айтқан ескі сарын ертегісін құлағына құйып өсті. “Жетім қозы тасбауыр, маңырап да отығар” дегендей, допша домалаңдап жүгірген кішкентай күнінен жетім қалды. Жүрегіне мұң мен шер ерте сіңді. Жүрегіне мұң сіңген бала ерте есейеді, күн көзіне алабөтен ұмтылған қар астының бәйшешегі секілді “қатыгез адамдардан тепіреш көремін-ау”, “ерте түскен суықтай үлкендердің кейісіне қаламын-ау” демей, өмірге, тіршілік қызығына ерекше ұмтылумен болды. Сол бір сұрқай балалық шағын жазушы жүрегімен жылап отырып жазып кеткен.

Оқиықшы.

Әкесі қайтыс болған. “Бата да бата, құран оқу да құран оқу. “Құлқуалла” деген аятты мен молдаға “еті сіздікі, сүйегі біздікі” деп әжем берместен бұрын жатқа біліп алдым. Дастарқанға құран оқығандардың бәрі қысқалығына қызықса керек. “Құлқуалланы” лезде салдыр-гүлдір шолтаң еткізеді. Түк қиын емес. Жылдам үйрендім. Оңашада әншейін ыңылдап өлең орнына айтып жүрдім. Үйде құран оқитын үлкен кісі жоқта, әжем дастарқан соңында менің әлгі “өлеңімді” әндетіп айтқызатын болды. Құран білмейтін қонақтар: “Бұл үлкен сауап, өз әкеңе үлкен сауап” деген сайын мен өз өлеңімді бар ықыласыммен айтатын болдым. Әкемнің жетісіне әжем қой сойғызды, қырқына тай сойғызды...” Көріп отырсыз, жазушы бала көңілін тап басып танып, оқиғаны соның көзі арқылы көріп, тілі арқылы төгілдіре суреттейді. Бейне, ақ қағаздың бетіне келістіріп кескіндеме салғандай ғой.

Бала жастан көз әлеміне терең сіңіп үлгерген көгілдір кеңістік, үлкендердің қимыл-қалпы, мінезі, қиыр шеттегі шілдің қиындай шашыраған қазақ аулының салт-санасы, сөйлеу

мәнері, тіпті мұржадан шыққан түгініне дейін қаз-қалпында көрініс табуы қызық. Бейне өмірдің ортасынан ойып алған ою-өрнек секілді. Құр ділмәрсу, құрғақ баяндау емес, образды, бейнелі болмысты тап басып тану. Мағзұм Тиесов бала кезінен осындай бояуы қанық, мұң-шері терең, үлкендердің сөзі мен ісін көкейіне құйып өскендіктен болар. Қазақы ауылдың қайталанбас суретшісі, шежірешісі, көркемделген көшірмешісі секілді елестейді.

Қарайықшы. “Терезеден қарап тұрсам, бір күні артқы аяғы ақсақ түйеге мінген біреу құлман молданың аулына қарай кетіп барады. Өзі “мені көрдің бе” дегендей, терезе тұсына таяу өтіп барады. Әкемнің көк күпісіндей күпі ешкімде жоқ еді. Әкемнің сол көк күпісі ақсақ түйелінің үстінде кетіп барады, әжем пештің түбінде қалғып кеткен екен. Шыға сала көк күпілі ақсақ түйелінің соңынан ал жүгір, ал жүгір. “Ағеке! Ағеке! Тоқта, тоқта!” — деп ұшыппын. Бұдан кейін қашан, не үшін жылағаным есімде жоқ. Сөйтсем, ағекемнің басын жуғанға әжем тымағын беріпті, аяғын жуғанға етігін, ал Құлман молда арқасын жуып, көк күпіні алыпты...” құйылып тұрған сурет пе, сурет. Құрғақ баяндау емес, өмірдің өз өрнегі ме, өрнегі... Я әжесінің тілімен, я Құлман молданың пайымымен емес, баланың дүниені қабылдауы, тануы, түсінуі арқылы құп үйлестіріп, құйып қойғандай тігісін жатқызып көркемдеп беру тәсіліне — бұрын-соңды балалар әдебиетінде Мағзұм Тиесов қана қол жеткізді.

Мағзұм Тиесов сөзбен салған суретті басқа жазушымен еш шатастыра алмайсыз. Бояуы да, баяндау машығы да тек осы қаламгерге тән. Асып-таспай, қамырдан қыл суырғандай байыбына жеткізе баяндау машығы — Тиесов қаламгердің қолтаңба машығы. “Құлман молданың мініп бара жатқан ақсақ түйесі... Терезеден қарап тұрған жетім бала... әкесінің көзіне оттай басылған көк күпісі...” Бірін-бірі қайталамайтын, ауыл баласының көзімен ғана берілетін келісті сурет. Бұл тәсілді қазақ балалар әдебиетінің корифейі саналатын Сапарғали Бегалиннен, Бердібек Соқпақбаевтан таба алмайсыз, олардың өз бояуы, өзіндік көркемдік көкжиегі бар, ал мидай жазық Қорғалжын даласы, сол даланың бетімен жүзген көгілдір сағым (я сары, я шикіл сары емес), исі бұрқыраған изені мен жусаны, аспанында жөңкіліп өтер ала бұлт, бала көзімен берілетін ауыл көрінісі, адамдардың сөз саптасы Тиесов

көкірегіне күйіп өскен сол ортаға, сол жағрафияға құп үйлесіп, құлпырып көрінетіні ғажап енді. Екінші бір ерекшелік: әженің, әкенің, шешенің сөйлеу мәнері баланың ойына, қиялына лайық, қабылдауға жеңіл, үстірт айта салмай, өспірімнің жан әлеміне батыл барлау жасайды. Үшінші ерекшелік: Тиесов туу бастан, тіпті жаратылысынан артық айтып, кем түспейді, суреткерлік “чувство меры” аса өткір дамыған. Сол өлшеп бергендей көңіл қалтқысы тілге тиек болып отырған “Әке туралы сыр” әңгімесінде ғана емес, “Дала перзенті”, “Қотыр торғай”, ертегілер әлемінде де жиі ұшырасады.

Тиесов-суреткердің көңіл таразысы ешқашан қара бояуға, я болмаса ақшыл бояуға басымдылық бермей, өмірдің өзінен ойып алғандай ғажайып дәлдігімен әлі күнге оқырманын таңқалдырумен келеді.

“Табаныңнан түк қалмайды, байпағынды сулайсың”, — деп әжесі үйге қамап қойған баланың табар саңылауы - соқыр көзді терезе. Терезенің жақтауына сүйеніп өткен-кеткенге қарайды да тұрады...” Мінекей, жас баланың дүниетанымы, үлкен өмірді түсініп білуі осынау тоқал тамның төрт көз терезесінен басталған. Абай айтқан: сәби кезде тар бесікке сиған адам, өсе келе жер дүниені тарсынатаны рас. Өзінің бала кейіпкерін кеудеден келетін тар ракурсте, шағын межеде ұстай алады да, автор дүние әлемді, оның кендігін, домалақ жердің үстіндегі қыбырлаған тіршілікті, жанды-жансыз көріністі кино лентасындай құбылта құлпыртып суреттеп шығады. Санаңызда әрекет емес, сурет қалады. Барша бояуы кемпірқосақ құбылысындай көз тартып, көңіл сүйсіндіріп, өзгеше ынтық, ыстық кеппен баяндалып өткенде бар ғой — бейне сюрреалистік сурет пен қазақ даласының қайталанбас бояуы үндесіп, ұштасып үлгергендей.

Әлгі бояу ешқашан тозбайтын, оңбайтын, бір қараған кісінің жанарынан ешқашан жуылмайтын, көз алдында қалқып тұрып алатын, жұмақтың жұпар иісті гүлзар бағындай, Тиесов қаламгерге тиесілі үндестікпен жіпсіз жетелеп, магнит өрісінде ұстағандай, іштей арбап, сырттай тұсап, ғажайып бір әлемнің ішіне енгізіп жібереді. Ертегі еліне енгендей, дуалистік әсер-сезімге бой алдырып, оқыған үстіне оқи түскіңіз келеді. Сыдыртып шықпай, тұшынып, “дәмін алып” оқисыз. Сол оқығаныңыз ешқашан есіңізден шықпайды. Өткен ғасырдың 60-70-жылдарындағы сәби бала, өспірім әулеті

осынау Тиесов қаламынан туған күдіреттей күйініш-сүйінішті бастан өткізіп, санасына бояуын сіңіріп, әдемі әдіптелген мәйін сөйлемдерімен сырласып, рухани сусындап өсті. Сол кезеңдегі бала бұл күнде жігіт ағасының жасына жетті.

Осы күнгі әдебиеттің дәмін, мәнін білетін жігіт ағалары әлі күнге қаламгердің өзінше сөз саптасы, өзінше оқиға өрбітуі, Тиесов қаламынан туған сөз патшалығын ұмытпай, ұлылап ұстайды. “Оу, мынау Мағзүмекеңнің сөз қолданысы ғой, — дейді. — ... Бәлі, жазушы ағамыздың кескіндеп, майын тамызып суреттеген кең даласы, мәуесі малынған Жиделі-байсыны, қазы қаңқылдап, шүрегейі жыртылып айырылған қорғалжыны, түйенің өркешіне ұқсаған Айыртауы ешқашан ұмытылмайды, жадымыздан жуылмайды...” Әдебиеттің күдіреті де осында! Әдебиет, әсіресе көркем әдебиет, ондағы әңгіме-дүкен, ертегі әлемі сізді ешқашан адамгершілік, ар-ождан таразысынан табан аудартқызбайды. Жанның бальзамы, адамгершілік аурасы — осы ағаларымыз белесін биіктетіп, көсегесін көгертіп кеткен үлкен әдебиетімізде жатыр. Әдебиетті, бейне, қазақ сахарасының төсіне әкеліп тіккен сегіз қанаттық ақбоз үй десек, сол үлкен отаудың мықты уығын шаншып, дөдегесін тұтып, түңлігін түріскен — Мағзүм Тиесов ағамыздың күдіретті қаламы.

Жазушы ағамыздың өзге қаламгерлерден жұлынды айырмашылығы, оның қай-қай шығармасын оқысаңыз да, көңіліңізге мұң ұялап, айтуы жоқ сағыныш кернейді. Өткенді ме?.. Жоқ, өткен күннің әдемі бояуларын. Әке мен шешенің жылы алақанын ба?.. Жоқ, адамгершілікті ту етіп көтерген жүрегі жылы жандардың ұлы махаббатын. “Менің қалашыны сағынуым боса-болмаса да басылды-ау әйтеуір. Ендігі күтетінім — көктем құстарының келуі. Сарғайдым ба, жоқ па, білмеймін. Әй, сағындым-ау!.. Қаздардың қаңқылын, қулардың сыңқылын ғана емес, қараторғайдың шырылын да сағындым-ау. Қыс кетіп, жылылықтың күшеюін, жарықтың көбеюін сағындым-ау!..” Автор осынау “сағыныш” сөзіне қадала мән беріп отырғаны — ол күллі шығармашылығының лейтмотиві, тынысы деуге келеді. Сокпақбаев соғыс жылдарындағы ыстық-суықты, бір күнгідей болмай өте шыққан жастық шағын сағынса, Бақбергенов етігімен су кешіп, шинель жамылып, бірін-бірі ысқырған оқтан қорғаған майдандас достарын сағынады. Сланов жасыл желегі құлпырып, дөң

астында қалған ауыл тынысын сағынады, ал Жұмақанов бір-бірін арамыздан сусып азайып бара жатқан қазақы кеңқолтық, ақкөңіл, аңқау, адал замандастарын сағынады. Бірін-бірі қайталамайтын осынау ұлы сағыныш болмаса, әдебиетімізде қадау-қадау өз патшалығы, өзінің хантағы бар қаламгер ағаларымыз жүрегіміздің төрінен орын алмас еді.

Жүрек төрінен орын алу дегеннен шығады.

Асқан бай адам болу үшін не істеу керек, ол үшін адам жүрегінде қанағат болғаны жөн. Ал кісінің көңілін табу үшін не істеу керек, бұл үшін рақымшыл, ізетшіл болу керек, тән сұлулығымен қатар жан сұлулығына қалай жету керек, бұл үшін ылғи ізденіп кемелденуден кенде болмағаны жөн. Ілгергі білімпаздардың жазып кеткен осынау қағидасын қаламгер өмір бойына маңдай алдына темірқазық етіп ұстанып өтіпті. Соңында қалған перзенттерінің сөзіне сенсек, Мағзұм ағамыз соншама қанағатшыл, шүкіршілігі мол кісі болып өтіпті. Қаншама лауазымды қызмет істеп, соншама мол, өндіре жазған жазушымыз өмірінің соңына дейін екі бөлмелі үйде тұрып келген. Ешкімнен ештеңе сұрамаған. Елге, іссапарға шыққан кезінде қалтасындағы ақшасын жолай ұшырасқан кемтар кісілерге беріп, астанаға оралғанда “оқуға түсемін” деген бірер көгенкөзді жетелей келетін әдеті тағы бар. Адамның көңілін қалдыру — өзі үшін ең ауыр күнә. “Жоқ!.. болмайды!..” деген сөзді ешқашан ауызға алмауға тырысады. Болдым... толдым... жетілдім... демей, үнемі оқып-тоқып ізденіп, өзін-өзі қамшылаумен болады. Қанша қиындық көрсе де мойымай, мүжілмей, керісінше, қайралған қылыштай өткірлене түседі.

Міне, осы қасиеті Мағзұм ағаны көп жазушыдан ерекшелеп, бөлекшелеп, әдебиет аулына ат басын бұрған мына бізге алдымызда жанған шамшырақтай көрінуші еді. Сол шамшырақ күйінше фәни жалған есігін жайлап жауып, ешкімге міндетсімей, кеуде кермей, күпірлік сөйлемей, мінез көрсетпей, тәтті тіршілік дәмін қимай, тамсана-тамсана бақи дүние төріне озып жөнеле берді. Әдебиетке 60-жылдардың басында келген мына біз, ерте көктемнің жауқазыны секілденіп, үлкен өнердің даңғыл жолына жұлқынып шығудан жүрексініп, жетім көңілмен жасымызды жұтып қала бердік. Естеріңізде болар, Мағзұм ағаның “Көрмеген көлде, естімеген аққу өні” атты іші сағынышқа толы мөлдіреген әдемі әңгімесі бар. Тамсана, тұшына оқыған сол 60-шы жылдардың жас

жазушылары: “Әттең-әттең, пайғамбардай Мағзұм аға арамызда жүре бергенде ғой, қиыр көкжиектің арғы белесінде жұмақ есігіндей болып жатқан шырайы ашық мөлдіреген көлді көрсетер еді-ау, сондағы сұңқылдаған аққу сазына құлақ құрышын қандырар едік”, — деп айтқанымыз әлі есімізде қалыпты. Қаламгердің қуаты таймаған еді, жазары мол болатын. Көше қиылысында, Жазушылар одағында ұшыраса кетсе-ақ: “О, әлгіде ғана іссапардан оралдым, дәптерім сықасқан дерек пен дәйек”, — дер еді. “Ертегі елін аралап келдім, балаларға арнап қазақы салт-дәстүрге табан тіреп, төгілдіріп, нақышын келтіріп, ертегі жазып беремін”, — дер еді. “Өстіп көл жағалаған қоқиқазға ұқсап, кітап қолтықтап, өз демдеріңе өздерің пісіп жүре бересіңдер ме?.. жақсы шығарманы қашан жазасыңдар?..” — деп түсін суыққа салар еді. Аға ретінде айтып-айтпай жігерімізді қамшылап, өзімнен де жақсы жазса ғой, менен гөрі жолы ұзақ болса деп жақсы тілек жалғастыра жүретіні ғанибет енді. Елес боп, сұлба боп елбіреп-желбіреп түсіме енеді. Қалың жыныс тоғай ішінен жетелеп, жол көрсетіп жүреді. Ұзын салалы саусақтарын сілке лақтырып, болашақ күндерді мегзейді.

Мына кітапты, Мағзұм Тиесов ағаның бір томдық таңдамалы жинағын осы өмірге, келер ұрпаққа қаратып жазған әңгімелер мен повестердің таңдаулысы, мына біздерге айтқан ағаның ақ батасы, жақсы тілегі деп ұққайсыз, қадірлі оқырман!

Дүкенбай ДОСЖАН,
мемлекеттік сыйлықтың,
ұлттық сыйлықтың лауреаты.



ДАЛА ПЕРЗЕНТІ

I

Менің көкем жер туралы, ел туралы көп айтады. “Жер туралы айтпай, ел туралы айтуға болмайды” — деп тұрып айтады. Көкемнің әңгімесін ертегі дейін десем, шын. Шын дейін десем, ертегіге ұқсас.

— Бұл араны “Қатпар таулар” деп атайды, — дейді көкем. Қатпар таулар — Сарыарқаның қырқасы. Сарыарқаның сауыры батыстан шығысқа үш мың километр созылып жатыр, — дейді көкем.

Біздің совхоздың жері өте үлкен. Көкемнің егіні көп. Оның егіні сай-салада, бұлақ-бұлақта шашылып жатыр. Көкем екеуіміз жүре береміз, көре береміз. Жер таусылмайды. Көкемнің егіні де, ертегісі де таусылмайды. Көкеммен қосылып аралай беремін, ой мен қырды көремін.

— Сарыарқаның сауырын ешбір өзен көлденең кесіп өте алмайды, — дейді ол. — Сарысу, Сарыкөңгір, Қаракөңгір, тоқсан тараулы Торғай, алпыс екі арналы Ырғыз Сарыарқа сауырының күнгей беткейіне ағады. Өзен жолы — ұзақ жол, ең қиын жол. Олар ұзақ адасады. Сары, Қаракөңгірлер, Талды, Жезді, Қысырақкеткендер Сарысуға құяды. Сарысу Сырдария қайдасың деп ұмтылады. Бірақ жете алмайды. Аққұм, Қосқана, Сегізбай, Сарыала деген құмнан әрі аса алмайды. Токсан тараулы Торғайдың басы кішкентай таудан емес, әлемге мәлім Ұлытаудың батысынан басталады. Алпыс екі арналы Ырғыз Мұғаджардың шығыс баурайынан. Екі туыс кездеспекші болады. Біріне-бірі қарама-қарсы қозғалады. Өте ұзақ адасады. Ақырында кездеседі. Екеуі бірігіп Арал теңізіне қарай алпыс километр ағады, өте шашырап, әлсіреп ағады. Арал теңізіне жету қайда? Батпаққараға құйып тынады.

Батпаққара! Бұл не? Алыстан қарасаң, айнадай жарқырайды, қасына барсаң, түпсіз терең қоп-қою қара батпақ. Түйе бойламайды. Мейлің жаяу, мейлің атпен түсіп көр. Түбіне тартады, жұтып қояды. Жаралы киік тазыдан құтыл-

ғысы келіп, Батпаққараны қара тықыр екен деп, қанып барса... аялауәкпар...

Кішкентай Тоқырауын Балқаш көліне құяды. Үлкен Сарысу, Шу, Торғай, Ырғыз — бәрінің суын құм ішіп жатыр. Осылардың суын құм кімге беріп жатыр? Өзің ойлашы, біздің өзендердің суы қайда кетіп жатады? Мұны ақ бас академик Ахмет Сафин деген атадан басқа ешкім білмейді. Жердің үстінде қанша тұщы су бар? Астында қанша тұщы су бар? Осының бәрін академик ата біледі. Алматыға бір барсам, сол атадан ақыл сұрар едім. Сарысудың көп тармағының бір тармағын біздің совхозға ағызуға болмас па? Осыны сұрар едім сол атадан.

Сарыөзен, Жақсыкөң, Жаманкөң, Керей, Қыпшақ... Бұл өзендер қар сәл ерісе болғаны, Сарыарқаның теріскейіне жөңкіледі. Бұлар Сарысу, Торғай, Ырғыз сияқты ұзақ адаспайды. Қайдағы бір суы ащы көлдерді, теңізді табады. Соларға жетіп құлайды да тынады. Өздері көктемде қар суымен тулай жөнеледі. Сонда ең болмаса жиегіне жайылып, ауыл аумағындай жерді суарса екен-ау! Бұл өзендердің білетіні жүріп өткен жолын терең жар етіп қазады да: “Жартас”, “Үңгіртас”, “Ақжар”, “Көкжар”, “Көкалажар”, “Қызылжар”, деп, өн бойларына ат қояды. Пәлен жар, түген жар деп ат қойғаннан басқа түк бітірмейді. Бұлардың бойында “Алтынқабақ”, “Болатжар”, “Таскөмірлі” деген арналар да бар. Барсаң, алтын түгіл темір де таппайсың. Мүмкін, ол арналардың алтыны мен болатын бізден бұрынғы бабалар алып, тауысқан шығар. Осы өзендер жап-жақсы жерді сойып, сай, жылға, жар етіп, босқа бүлдіреді. Ал өздері еш нәрсе бермейді.

Тек, әйтеуір, Жақсыкөң мен Жаманкөң күш қосып таулардың тұмсығын кеміреді. Қайсыбір көлденең жатқан белдерді кесіп өтеді. Жыланша ирелендеп, көп жерге дейін көшеді. Ақырында Балқаш көлі сияқты аспан түстес ащы теңізге жетеді. Жолай ауық-ауық жағасына жайылып, пішен суарады. Екеуі қосылып, теңізге құяр сағаның астын терең қазыпты да, құлан өте алмайтын етіпті. Келе-келе осы сағаның аты — “Құланөтпес” болды.

Сарыарқаның қыр арқасынан теріскейдегі ылдифа жөңкілетін онша ұзын емес өзендердің бәрі көктемде күркірегендерімен, күн ысығанда үзіліп-үзіліп қарасу боп қалады. Бұл қарасулардың мөлдірлігі соншалық құмы — меруерт, маржан.

“Алтынқұм” деген ат осындай құмнан туған шығар. Мүмкін, маржан құм ішінде алтын түйірлер бар шығар? Қарасудың түбіндегі тастар түп-түгел көрінеді. Қыздардың сырғасы, сақинасы түсіп кетсе, тауып алады.

Нұраның жолы да, жөні де басқа. Оның мінезі өзгеше. Ол Қарқаралы, Қызыларай, Бұғылы, Тағылы тауларынан басталады. Нұра болмаса Қарағанды қаласы салынбас еді. Сұрапыл соғыс жылдарында Теміртау тумас еді. Болат қорытылмас еді.

Нұраның тағы бір кереметі: ол Қорғалжынның ащы емес, тұщы көлдеріне келіп жетеді. Қатты шаршаса да, әйтеуір, жетіп жығылады.

Қорғалжын ауданында үлкенді-кішілі жүз отыз бір көл бар. Ол көлдер жер жүзіндегі құстардың ең жақсы, ең жайлы жайлауы. Қорғалжын көлдеріне жыл сайын жүз елу екі түрлі, иә, екі жүз елу екі түрлі қанатты керуен келеді.

Көліміздің, жеріміздің көркі, көңіліміздің гүлі көшпелі достарға аңшылар қиянат жасай берген соң, мемлекет қамқорлыққа алды. Қорық ашып, Қорғалжын көлдерін “құстан уәлаяты” деп атады. Сен біліп ал. Біздің Қорғалжын — құстар уәлаяты.

Көктемде Ұлытаудың теріскей шатқалдарынан құрық алып қашқан асау тайдай тулай жөнелетін тентек өзеннің аты Терісаққан. Қара, Сарыкөңгірлер күнге қозғалғанда, бұл теріскейге жөнелген соң Терісаққан атаныпты. Арғанаты, Жетіқыз, Қорғасынды, Қайрақты, Байқоңыр, Ашудасты, Сарышөп, Соңалылар Терісқанға сарқады. Бәрі бір арнаға түседі де, Есілге келіп қосылады.

Бізге жақын өзендердің ең үлкені, ең ұзыны, ең мейірімдісі және ең ұзақ сапар шегетіні Есіл. Тентек емес, сарқырамай, күркіремей ағады. Ол әуелі Торғайға қосылмақшы болып, соған қарай жөнелген. Бірақ Сарыарқаның қыр арқасынан аса алмайды. Сондықтан Тобыл атты туысына бұрылады. Оған да жете алмайды. Қосыла алмағынына Есіл Нұра сияқты шаршамайды. Ол Ертісті іздеп жөнеледі. Жүре береді, жүре береді, сөйтіп жүріп көп-көп жерді көкорай шалғын етеді. Ақырында Есіл Ертісті табады. Екеуі бірігіп Обь өзеніне барады. Обь мұзды мұхитқа құяды.

Нанайын ба, нанбайын ба? Бұл ертегі ме, әңгіме ме? Менің көкем мынаны да айтты:

— Жер бетіндегі өзен, көл, теңіз сияқты жер астында да өзен, көл, теңіздер бар. Олар да ағып біріне-бірі құйып жа-тады, — деді. Нанайын десем, ертегіге ұқсас. Нанбайын десем, біздің совхоздың кей тауларының баурайынан бұлақ ағып жатыр. Ал көп таулардың бұлағы жоқ. Бұлақ түгіл, құдығы да жоқ. Кейбір ойпанды кісі бойы қазса, тұщы су шығады. Кейбір құдықтан ащы су шығады. Ал енді бар ғой қайсыбір ойпанды көп кісі жиналып, ертеден кешке дейін қазса да, не тұщы не ащы су шықпайды. Ол — ол ма, Бетпақдала деген даланы бүкіл ел жиналып, қырық құлаш қазса да, тұк шықпайды дейді. Сонда Бетпақдаланың астында ешқандай өзен, ешқандай теңіз болмағаны ма?

2

Біздің совхоз Есіл, Нұрадан атты адамға алты, автомашиналы адамға бір күндік жер. Баяғыда бабаларымыздың түйелі керуені ай жүріп жетеді екен.

Біз қатпар таулардың арасындамыз. Көкем айтады: “Сарыарқаның дәл қыр арқасы осы” дейді. Өзендер осы қыр арқадан күнгей, теріскей беткейлерге бөлінетінін мен енді ұмытатын емеспін. Бабаларымыз баяғыда осы тауларды күз күздейді екен, қыс қыстайды екен. Қыс қыстайтын қыстауларын жаз жайлайды екен. Төрт түлік дариясы көктемде теріскейге, күзге қарай күнгейге қозғалады екен. Көк шыққан соң, төл аяқтанған соң, көштер аққу қаздай тізіліп Есіл, Нұраға қарай жылжиды екен. Атбасар, Ақмола жәрмеңкелеріне мал айдайды екен. Астық, шай, қант, кездеме алады екен. Астықты бай байша түйелерге теңдеп қайтады екен, кедей кедейше мініп барған аттарына бөктереді екен. Осыдан “базарға барып, бағынды сына” туыпты.

Совхоз көшпейді. Өзінің көк төбелі, көк терезелі ақ қабырғалы үйлерін тастап, ол ешқайда кетпейді. Астық, кездеме, шай, қант, конфет, печенье, әдемі етік, ботинкалардың өздері магазинге келеді. Ата-бабалардың киіз үйлері болады екен. Бізде ол жоқ. Біздің үйіміз де көк төбелі, көк терезелі. Көтеруге ауыр. Сондықтан әжем екеуміз ешқайда көше алмаймыз. Көкем мен апам ғана көшеді.

Өзендер сияқты таулардың да аттары бар. Түрлері қандай болса, бұлардың аттары да сондай. Құсмұрынның мұрны қораз-

дың түмсығына ұқсас. Біздің ауылға жақын таудың аты — Қарабура. Оның өзі де ашуланшақ жалбыр шула қара бура сияқты. Екі өркеші дәу Қарабура мойнын созып, Айнабұлақтан су ішіп тұр. Тайменденің Сарытауы егіз боталы сары інген. Ол егіз ботасын ергіп, өріске беттеп барады. Қарақойын, Қашырлы шұбырып, Керей өзеніне келе жатыр. Көкдомбак төңкерілген көк қазанға ұқсас.

Қозылар жаздай қозы болып жүреді. Олар тек қар жауғанда тоқты болады. Тоқтылар қыстыгүні қойдың ішіндегі ең әлсізі, ең тоңғағы. Сондықтан тоқтыларды ең жақсы тауға қыстатады. Сондықтан сол тау Тоқтытау атаныпты. Барлық жабағы қыстан тай болып шығады екен. Сол үшін әлгі бір сары тау Тайменде атаныпты. Бір таудың аты Айғырұшқан, енді бір таудың аты Қошқарқалған.

Бір жылғада жалғыз құдық. Бір сайдың бойында жеті құдық. Бір ойпаңның аты Төртқұдық. Бір кең алқаптың аты Қырыққұдық. Шөбі машинамен емес, тек қол шалғымен шабылатын жердің аты “Мың-шұқыр”. Шұңқырдың шөбін қол шалғымен шаппаса қайдеді? Осыны көкемнен сұрамаппын.

3

Менің көкем егін бригадирі. Бригадир деген сөз — командир деген сөз. Көкемнің достары осы бұлақтардың бәріне егін егеді. Арпа, жүгері өсіреді. Суарып өсіреді. Суармаса өспейді.

Мұғалімдер де өз мектебінің қасына бидайық, бидайбас, жусан, атқұлақ, сасыр өсіреді. Тұқымын балаларға жинатады. Ол — ол ма, бүлдірген, шие, қарақат, долана, ұшқат, ырғай, тал, тобылғыларды да өсіріп қойды. Көкем осыларды көре сала сай-салаға, ой-далаға, тау етектеріне “көк конвейер” деп көк шалғын екті. Апам өзінің сауын сиырларымен жаз бойы көк конвейерде көшіп жүруді шығарды.

Менің көкем мен апама көшу деген түк емес. Көкем көрпе-жастығын қолтығына қысады, ұстарасын қалтасына салады. Сөйтеді де, “егін басына көштім” деп үйден шыға жөнеледі. Апам олай істемейді. Ол сабын, орамал, көрпе-жастықты көп алады. Төрт доңғалақ үстіне орнатылған тақтай үйге мініп көшеді. Аяқ, табақ, шайнек, шелек те ала кетеді. Үйде тек әжем екеуміз қаламыз. Көшер едік, Бөрібасарды, ала сиыр

мен ақ бас бұзауды тастап кете алмаймыз. Оларды өзімізбен бірге ала кетер едік, шарбақ ішінде бақшамыз, ағаштарымыз бар. Бақшаны апамның көк конвейерінің қасына да егуге болады. Ағаштарымыз өте әдемі. Бұл ағаштар мен туған көктемде егіліпті. Әжем осы ағаштарды өте жақсы көреді. Өз құрдастарымды мен де жақсы көремін. Бұлардың кейбірінде тәтті жеміс, кейбірінде сәл ащы жеміс өсе бастады. Қайдан? Білмеймін. Бұған дейін жоқ еді өздері. Біздің ағаштың жемісі пісе бастады. Оларды бір құстар келіп шұқитынды шығарды. Қалайша қорымайын. Рогатка істеп алдым. Бірақ әжем... Әжем емес, бір келгенде көкем:

— Сенің рогатқаң “ұры” құстардан гөрі балауса жапырақтарды, нәзік бұтақтарды көбірек өлтіреді, — деп, менің рогаткамды тастатты. Балауса жапырақтарды, балғын бұталарды өлтіру, әрине, жақсы емес. Рогаткаммен қош айтыстым.

4

Көкемнің күрең аты бар. Күрең атты қинағысы келмесе, кез келген жүк машинаға да, сүт машинаға да, қымыз таситын машинаға да мініп, кете барады. Кейде мені ала кетеді. Екеуміз апама барамыз. Егін аралаймыз. Жылқышыларға барып, қымыз ішіміз. Директор, парторг ағалар әрдайым өздерінің әдемі машинасымен жүреді. Бір жұмысқа, жиылысқа керек болса ғана келіп, көкемді алып кетеді. Мені алмайды. Орын бар болса да алмайды. Ала кетсе қайтеді екен? Онша ауыр емеспін ғой.

Бір күні бір аға келіп, күрең аттан қан алды. Мал дәрігері екен. Ол көкем екеумізді мотоциклінің күймесіне мінгізді. Күймесі кішкентай болса да мені қалдырып кетпеді. Қандай керемет! Кішкентай машинаның кішкентай моторы гүр-р-р ете қалды. Тау баурайының тас қайрақ жолымен, әйде, зымыра!

Екі шатқалдан өттік. Үш белден бе, бес белден бе, әйтеуір, көп белден астық. Заулап келеміз, әлі де заулап келеміз. Бір алқаптан бір топ ақбөкен қапты. “Лағы жетім қалады ғой” деп, жақсы аға атпады. Бір бұлақтың былқылдағына баттық. Көкем мен аға кішкентай машинамызды көтеріп шығарды. Егіндібұлақтың айналасында қоңыр үйректер сары балапандарымен жүзіп жүр екен. “Балапандар жетім қалады” деп,

көкем атпады. Біз тимесек те, үйректер қорқып, құраққа кіріп кетті. Байқасақ, балапандардың төбелерінен көк қаршыға төнген екен. Қасқыр көрінбейді. Қалың ши ішінен алты бөлтірік ұстап алдық. Өздері кішкентай. Қатты қаша алмады. Алтауы алты жаққа қашып еді. Мен де біреуін қуып жеттім.

— Сәтті сапар болды. Жолымыз оңғарылды. Кішкентай аңшы, сенің жолың жақсы екен, — деп аға мені мақтады. Басымнан сипады. Өте жұмсақ сипады. Атымды сұрады. Бағана бір сұрап еді. Тағы да сұрады. Ағаның көп мақтағаны, атымды екі рет сұрағаны ұнамады.

— Қанша айтуға болады? Ер-ке-бұлан, Ер-ке-бұлан! — дедім мен.

Біз сол күні қойшыларға келдік. Кеш болмай келдік. Кішкентай қасқырларымызбен келгенге ме, иттер ұнатпады. Бәрі үрді, тынбастан үрді. Аралары алыс-алыс, отар-отар қой. Әрбір отар ақ аралға ұқсас. Ақ аралдар шетінде бір-бір ақ үй. Бұл араның аты баяғыда “Қырыққұдық” екен, әлі де Қырыққұдық. Әр қойшы өз отарын өз құдықтарынан суарады екен. Суды науаға шелекпен құйып суарады. Құдықтар терең емес, менің бойымдай-ақ. Сыңайы көкем айта беретін жер астындағы көл осы арадан әрі де емес-ау.

Біз ақсақалды атасы бар үйге кондық. Барлық үй, барлық қойшы түні бойы айтақтады. Олардың иттері де ұйқтамады. Сөйтсек, біз бөлтіріктерін ұстап алып кеткен соң, қасқырлар әбден өшіккен екен. Ата да түні бойы ұйқтамады. “Айтақ” көбейген сайын ата күңгір-күңгір сөйледі.

— “Күшігін алдырған қасқырдай” деген осы. Бұларды атпен қумаса, енді дамыл бермейді. Әсіресе, қаншық қасқырды құртпаса болмайды, — дей берді ата. Сонымен сәтті сапар біздікі, түні бойы айтақтау қойшылардікі болды. Қасқырдың бөлтірігін ұстаған соң, қойлы ауылға келмеуіміз керек екен. Біз осыны ойламаппыз. Көкем: “Ой, өттеген-ай”, — дей берді.

5

Ұйықтамай отыру үшін ата ертегі айтты.

Ол қасқыр, түлкі, қарсақ, бүркіт туралы айтты. Өзінің қыран бүркіті болғанын, оған бір күнде екі қасқыр алғызғанын да айтты. Бір ертегінің бір ертегіден қызық болатыны несі?

Таңертең шай ішіп отырғанымызда, ата түндегі ертегілерінен де қызық ертегі айтты.

— Бәріміздің бабамыз Асанқайғы, — деп бастады ата. — Баяғының баяғысында бабамыз Асанқайғы өзінің желмаясымен ел қондыратын жер іздепті. Іздей-іздей біздің осы жерге де келіпті. Қарақойын, Қошырлыны көргенде ол: “Әрбір түп тобылғының түбінде бір-бір кесек ет жатыр екен. Сауыры жая, жал екен. Бауырың қазы, қарта, бал екен. Қымыраның да мол екен”, — депті. Сонау-сонау Тоқтытауды көргенде: “Бағылан құйрық бал екен. Қоныс еткен кісінің шын ырысы бар екен”, — депті бабамыз. Ақ-ирек, Желтмес, Боранбармас... Одан да әрі ащы теңізді де көріпті. Көктемде күркіреп теңізге құйып жатқан Күркіреуік атты өзенді көргенде: “Бұл арада да төрт түліктің құлағы тұтам шығып көрініп тұр екен. Ащы сорың көп, тұшы көлің жоқ екен. Жерің кермек борбас екен. Бұл араны қоныс етіп болмас екен. Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан жүрер шөлімсің? Торғай арбап, ін іздеп, жылан жүрер жерімсің”, — депті қарт баба.

“Жері байдың елі бай” деген нақыл Асанқайғыдан қалған ғой. Ол жақсы жерді көргенде елім бай болады деп қуаныпты. Жаман жерді көргенде “бұл кедейлік” деп қайғырыпты. Сусыз жерді сулы, нусыз жерді нулы етуді арман етіпті. Бірақ бабамыздың бұл арманы орындалмапты. Сондықтан ол бек қайғырыпты. Желмаясының алдыңғы өркешін құшақтап жылапты. Бабамыздың жасы көп төгілген бөктерден мөлдір бұлақтар ағыпты. Осы Қырыққұдық ол кезде жоқ екен. Баба көзінен қырық тамшы тамыпты. Содан кейін қырық құдық пайда болыпты. Жетіқұдық, Төртқұдық, Жалғызқұдық — бәрі-бәрі баба көзінің тамшылары. Қанша тамшы тамды, сонша құдық.

Әуел баста бабаның аты тек Асан екен. Бертін келе “Асанға” “қайғы” деген сөз қосылыпты да, ол Асанқайғы атаныпты. Ол қалайша Асанқайғы атанбасын? Өзіміздің осы Сарыарқаны желмаясымен желдей жүйткіп, әбден аралап көреді. Көреді де: “Бей, Сарыарқа-ай, желмаяның сауырына сыймайсың-ау, Ертістің жағасына жақын апарар едім”, — деп қайғырыпты.

— Өздерің ойлашы, ол ел қамын ойламаса, өз елінің жазғы ыстықтан, қысқа сұрапылдан таяқ жей бергеніне мұңаймаса, бабамыз Асанқайғы атанар ма еді? — деді үй қожайыны аңшы ата.

Әркім ойланды. Үндемей ойланды.

“Қорғалжынның көп-көп тұшы көлінің ең болмаса біреуін біздің совхоздың қасына әкеп орнатса, бізде де құстар уәлаяты болар еді-ау!”

Өзім осыны ойладым.

6

Бір ертегіден бір ертегі қорқынышты. Көкем осы арада мына бір ертегіні айтты.

Мергенсор, Балабайсор, Дөңгелексор, Сопақсор, Әжібексор тағы да, тағы да сор — бәрі бізде. Балабайдың бес қызы болды. Өмір бойы бай боп келіп-келіп, бір боранда кедей болды да қалды. Оның барлық қой, барлық жылқысы ығып, сорға келді. Бәрі қырылады, бәрі миға батады. Бақытты бай, сөйтіп, бір боранда сорлап қалады. Ақ патшаның ең алғашқы досы — аға сұлтан Аққошқардың қырық мың жылқысы сол сұрапылда Қаражарға, Қарасорға құлап қырылыпты. Қырық мың мен бірге ыққан қырық кәрі, қырық жас жылқышы да аллауәкпар болыпты. Сол сұрапыл соққан күні қырық кемпір, қырық жас әйел жесір қалыпты. Ақ патша осал кісімен дос бола ма? Осал кісі ақ патшамен дос бола ма? Сол Аққошқар өз досын әдейі іздеп барса, соқыр тиын бермепті.

Ал енді сол сұрапылда Аққошқардың ағасы Сайдалының бір тайы шығын болмапты. Неліктен, қалайша? Белгісіз. Тек қана шұбар қысырақтың үйірі жоқ болып кетіпті.

Мен мұны өз әкемнен естідім. Оған мұны өз әкесі айтыпты. Сөйтсек, бұл өзі былай болған деді көкем:

— Сайдалының жылқысы сау қалу себебі: оның жылқышылары сұрапылға арқаларын емес, кеуделерін тосыпты. Сойыл үстіне сойыл соғып, жылқының маңдайын желден аудармапты. Біздің бұл Сарыарқада жылқышыларды қол-аяқсыз қалдыратын аяз жиі болғанымен, жылқы үсіп өлетін аяз болған емес. Мақұлай, Итқуар деген екі жылқышыны қол-аяқсыз қалғанда, сол сұрапылда не мұрны үсіп, не аяғы тоңған жабағы, тай болмапты. Күн жылынып, қар ерігенде, шұбар қысырақтың үйірі де табылыпты. Көк ала жардың бір терең қуысы түбінде тікелерінен тік үйіздеп тұр екен. Осыны көре сала бір жылқышы келіп, Сайдалыдан сүйінші сұрайды. Сайекең шапқан бойы барса, шұбарлар тірі емес, өлі. Жануар-

лар мойындарын айқастырып қатқан бойлары тікелерінен тік түр екен. Сайдалы малжанды екен. Ол еңіреп қайтыпты. Өз үйіне келгенде де жұбана алмай:

— Не деген татулық! Не деген достық! Бірінен-бірі өлгенде де бөлінбепті!— деп боздады.

Бір жылы осы Сарыарқа қыс басынан көктайғақ боп қалыпты. Мұздақ қар жауғандығы соншалық: камыстар сырықтай, шилер құрықтай болады. Сол жойқын жүтта Тайқарбайдың төрт түлігі түк қалмастан қырылады. Қар көкек айында ғана ери бастайды. Бұл оңай ма?

Әбден сорлы боп қалған. Тайқарбай көктемде ауыл іргесіндегі төбе басында отырып алып, өзінің ақ домбырасын күмбірлетеді.

Жұртым-ау, қайда менің Қызқара атым?
Той қайда? Думан қайда біз баратын?
Ілінді қара саба керегеге
Жылайды үйде отырып қыз бен катын,—

деп күңіренеді. Ол өзінің айғырларын, биелерін, бесті, дөнен, күнан, тай, құлындарын да өлеңге қосып жоқтайды. Бұлардың бәрін қатыны, қызы келіндері үйреніп алып, қит етсе жылап отырып айтатын болады. Қайғының аты — қайғы.

Қазақ даласының теп-тегіс көк тайғақ боп қалғанын жүзге келген қариялар да айта алмайды. “Бұлт ала, жер шола”. Қырдағы ел жұтаса, ойдағы ел аман. Қарақойын, Қашырлыда ел қой мен сиырға күрек ашып жатқанда, бұлар туырлықтарын, көрпесін көтеремге жабу етіп жапқанда, Ұлытау елінің тоқты, лағы күнгей, беткейлерде ойнақтап жүреді. Керей, Жақсыкөң, Жаманкөң елі таужуа, қуысжуа теріп жеп жүргенде, Есіл, Нұраның иті май жемейді. Есіл, Нұрада егін шөлдеп, пішен күйіп кеткенде, қырда ит басына айран төгіледі.

Әйгілі доңыз жылы біреулер ойдағы нағашысына, біреулер Ұлытаудағы құдасына, біздің ауылдың жігіттері Атбасарға шұбырыпты. Сонда осы өзіміздің Баймендінің әкесі Садудың нағыз балғын жігіт кезі екен. Ол өзінің ең бір жақсы көретін қызына соға кету үшін Есіл бойына бұрылады. Есіл елінің мая-мая шөбінің мұрты сынбапты.

Қыз шешесімен ақылдасады, ақылдасады да, тор жорға атын Садуға береді. Жетім қыз, жесір шешеден ат мініп кету жігіт кісіге лайық емес, өте ұят. Саду қыбын тауып, ел көзіне

түспей жаяу зытып кетуді ойлайды. Адал дос ішкі сырды айтқызбай біледі, жібере ме?

—“Кедейлік ұят емес, байлық мұрат емес”. Жаяу келдің, жасырынбай келдің. Себебі тор жорға көтерер жүк ауыр, — дейді де, жетім Рабиға ат үстіне ұн мен бидайды қоса тиейді.

—“Алтын, күміс тас деген, арпа, бидай ас” деген бұрынғылар. Біздің астықтан асыл байлығымыз жоқ. Ел-жұртыңа құрбы-құрдастарыңа көркейіп бар, шырағым, — деп ақылды қыздың шешесі қалады.

7

Бір ертегіден бір ертегі қызығырақ. Неліктен осылай?

Мал дәрігері аға көкемнің ертегісінен де қызық ертегі айтты. Оның өзі де аз сөйлейтін аға ғой. Әттен, ол өте аз айтты.

— Біздің Сарыарқа жұмыр жердің бір үлкен бүйірі. Ешқандай күш оны ешқайда апара алмайды. Асанқайғы баба қателесіпті. Сарыарқа емес, бұған Ертіс-Ананың өзі келе жатыр, — деді де, ол қоя салды.

Ертіс-Ана! Ертіс-Ана келе жатыр! Қандай керемет, қандай қуанышты ертегі!

8

“Күн сайын ет жемесе көңілі көншімейтін мырза керек емес” деп, көкем менің бөлтірігімді тастап кетті. Далаға тастаған жоқ, қонған үйдегі аңшы атаға беріп кетті. Мал дәрігері аға өз бөлтірігін ешкімге бермеді. Қапшыққа салып алды. Аузын буып салды. “Қасқырлар мұрнымен емес, аузымен дем алады” деп, ол өз бөлтірігіне көк қарындашты көлденең тістетіп буды. Аңшы ата өзінің атымен қаншық қасқырды іздеуге кетті. “Оны құртпаса болмайды. Әйтпесе тыныштық та, бейбітшілік те жоқ”, деп кетті ата. Кетіп бара жатқан атадан мал дәрігері аға:

— Францияның аңшылары өз жеріндегі ең соңғы қасқырды құртқалы екі жүз елу жыл өтті. Сіз ең соңғы қасқырды қашан құртасыз?— деп сұрады. Аңшы ата атының тізгінін тартты. Тұра қалды. Бүркіті есіне түскен екен.